ЖҰЛДЫЗ шұғылласы

№ 14 (9003), жұма, 19 сәуір 2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРҒА БІРЖОЛҒЫ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУДІ ОСЫ АПТАНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН АЯҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға келтірілген залалды өтеу мәселесі бойынша кеңес өткізді. Жиында қаржы министрі Мәди Такиев пен өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың баяндамалары тыңдалды.

Бүгінгі таңда зардап шеккен 3 561 отбасына жоғалған мүлкі үшін 100 АЕК мөлшерінде біржолғы өтемақы түрінде шамамен 1 млрд теңге төленді. Зардап шеккендерге өтемақы төлеу процесі осы апта соңына дейін аяқталады.

Баспанасынан айырылған тұрғындар үшін зардап шегушінің өз таңдауы бойынша жаңа үйлер салынады немесе нарықтан дайын баспана сатып алынады. Саяжай бойынша, егер ол зардап шеккен адамның жалғыз үйі болса, осындай тетік қолданылатын болады.

Кеңесте су тасқыны салдарынан зардап шеккен өңірлердің әкімдері келтірілген залалды өтеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың ағымдағы нәтижелері туралы баяндады. Мәселен, Павлодар облысында демейшілермен бірге 119 үй бойынша залал өтеліп, тұруға жарамсыз 5 үйдің құрылысы басталды. Қостанай облысында зардап шеккендер үшін Арқалық қаласынан 27 пәтер сатып алынды, 1 600 отбасына әлеуметтік көмек төленді. Ақтөбе облысында 44 отбасына 94,3 млн теңге көлемінде материалдық шығын өтелді; 57 жаңа үйдің құрылысы басталды.

Әкімдіктердің жедел деректері бойынша бүгінде зардап шеккен үйлер саны – 9 627, оның ішінде 9 610 жеке, 17 көппәтерлі тұрғын үй. 2 123 үйге жүргізілген техникалық тексеру нәтижелеріне сәйкес 1 067 үй қалпына келтіруге жатпайтыны анықталды, ал 1 056 үйге жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілген.

Зардап шеккен тұрғын үйлерге келтірілген залалды бағалау жұмыстары жалғасуда.

Үкімет басшысы бұл алдын ала жасалған деректер екенін және бірқатар өңірлердегі күрделі су тасқыны жағдайын ескере отырып, шығын ауқымы арта түсуі мүмкін екенін атап өтті.

«Президент су тасқынынан зардап шеккен азаматтардың барлығына барынша көмек көрсетуді басты міндет етіп қойды. Су тартылған өңірлерде әкімдіктер зардап шеккен азаматтардың, жоғалған немесе бүлінген мүліктердің тізімін жасау және бағалау жұмыстарын аяқтап, шығындарды өтеуге кірісуі керек. Бұл ретте, тізімге үйлері сау, ешқандай зардап шекпеген адамдар кіріп кетпеуге тиіс. Комиссиялардың жұмысын ешқандай бюрократияға салмай, жедел ұйымдастыру қажет. Барлық тиісті қызметтер жұмылып, күшейтілген режимде жұмыс істесін», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Зардап шеккен өңірлер әкімдіктеріне жауапты тұлғаларды жекелеген учаскелерге бекіте отырып, су басқан ғимараттарды техникалық тексеру жұмыстарын жедел аяқтау, жобаларды жергілікті жерге байланыстыру үшін тез арада жаңа жер телімдерін анықтау тапсырылды. Премьер-Министр ықтимал су тасқынынан барынша қауіпсіз, даму перспективасы жоғары және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген дайын учаскелерді пайдалануды басымдық ретінде белгіледі.

primeminister.kz

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА 2 ГЕКТАР ЖЕРГЕ ТЕРЕКТЕР МЕН ҮЙЕҢКІ АҒАШТАРЫ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Ескелді аудан әкімінің қатысумен "Тазалық таразысы" экологиялық акция күніне орай Қарабұлақ ауылында 1200-ден астам теректермен үйеңкі ағаштары отырғызылды. -Экологиялық акцияға бюджеттік сала қызметкерлері мен 350-ден астам халық белсенді қатысып, 3 бірлік арнайы техника жұмылдырылды.

Таза болса табиғат, аман болар адамзат демекші, әрбір еккен талдың

адам денсаулығына, қоғамға тигізер пайдасы зор. Ағаш отырғызу жылдан жылға дәстүрге айналған үрдіс. Ұрпаққа үлгі-өнеге. Бабамыздан қалған байлыққа ие болып, оны қорғау біздің басты міндетіміз.

ӨРТ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДЫҚ: ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ ТЕЗ АРАДА ЖОЮДЫ ТАПСЫРДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев пен төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтың қатысуымен өрт қаупі жоғары кезеңге дайындық мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Бүгінгі таңда ТЖМ-де 441 өрт сөндіру бөлімшесі жұмыс жасайды. Өңірлерде 230 ерікті құрылым, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың 709 бекеті бар. Вице-премьер мемлекеттік өртке қарсы қызмет жоқ жерлерде тағы 49 өрт сөндіру бекетін құруды жеделдетуді тапсырды.

Өрт қаупі жоғары кезеңге дайындық шеңберінде 272,5 млн га алаңда ғарыштық мониторинг жүргізілуде, алайда жер серіктерінен алынған деректер, тек ел аумағы толық барланған соң, бірнеше сағаттан кейін ТЖМ станциясына жіберіледі. Бүгінде ЦДИАӨМ виртуалды станция құру бойынша жұмыс істеуде. Бұл өрт ошағын анықтау және жер серіктен түсірілімді жүктеу арасындағы уақытты 20-40 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Орман қорының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт қаупі жоғары кезеңге дайындық барысы Президент пен Үкіметтің ерекше бақылауында. Экология және табиғи ресурстар министрлігі 158 мемлекеттік орман иеленушіні тексерді. Тексеру қорытындысы бойынша ведомство басшысы Ерлан Нысанбаев «Семей орманы» резерваты, сондай-ақ Павлодар, Ақмола және Қостанай облыстары өрт қаупі жоғары кезеңге толық дайын емес деп мәлімдеді.

Сонымен қатар ЖЖМ резервінің жоқтығы, орман өрт сөндіру станциялары ғимараттарының апатты күйде не тіптен болмауы, өрт сөндіру мұнараларының жетіспеушілігі, арнайы техниканың тозуы сынды кемшіліктер анықталған. Рациялардың болмауы және арнайы киімдердің жетіспеушілігі мәселелері де өзекті.

Қанат Бозымбаев былтырғы «Семей Орманы» резерватының трагедиясы қайталанбауы тиіс екенін атап өтіп, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды.

«Абай және Қостанай облыстарында болған ірі табиғи өрттердің салдары әлі де есімізде. Әрбір қызметкерді өртке қарсы арнайы киіммен, рациялармен және қажетті құрал-жабдықтармен міндетті түрде қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», — деді Қанат Бозымбаев.

Кеңес қорытындысы бойынша вице-премьер өңірлердің әкімдіктеріне бір аптада табиғи өрттер қаупін төмендету бойынша өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және бекітуді тапсырды.

«Облыс әкімдері өңірлік іс-шаралар жоспарларын іске асыруға тікелей жауапты», — деді Қанат Бозымбаев.

Сондай-ақ ТЖМ-ге бір апталық мерзімде аэровизуалды бақылау және өртті сөндіру үшін көрсетілетін тікұшақ қызметінің көлемін ұлғайту бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Экология министрлігіне орман қоры аумағында өрттерді ерте анықтау жүйелерін орнату, орман және табиғатты қорғау мекемелерін материалдық-техникалық жарақтау жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

Бұдан бөлек, ІІМ мен әкімдіктер өрт қаупі жоғары кезеңде жеке тұлғалардың орман қоры аумағында болуына жол бермеу, оның ішінде ықтимал қасақана өртеуден сақтау шараларын қабылдайды. Мұндай фактілер анықталған жағдайда азаматтар заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

primeminister.kz

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН БОЛЖАУҒА АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ТАНЫСТЫ

Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша отандық тауар өндірушілерді қолдауға арналған цифрлық құралдар әзірленді.

Атап айтқанда, әзірленген жүйелер әрбір өндірістік кәсіпорынның жұмысын қадағалауға, мемлекеттік органдар тарапынан олардың мүдделеріне нұқсан келтіру фактілерін онлайн режимінде анықтауға мүмкіндік береді.

Мақсат – ел нарығындағы импорт үлесін төмендету үшін отандық өнімнің дамуына қосымша серпін беру.

Қазақстанның бірқатар өңірлеріндегі су тасқыны жағдайын ескере отырып, су тасқынын моделдеу және су қоймаларының деңгейін болжау жүйесінің прототипі қаралды. Тәжірибелік үлгіні әзірлеу аясында дренажды моделдеу және есептеу алгоритмдері жасалды, бірнеше өзен учаскелерінде пилоттық сынақтар жүргізілді. Цифрлық құрал реттелетін және реттелмейтін дренажды есептеуге, сондай-ақ берілген су деңгейіндегі су тасқыны аймағын картада көрсетуге мүмкіндік береді.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов ұсынылған цифрлық шешімдерді сараптамалық талқылау қорытындысына сәйкес жобаларды мақұлдап, пилоттық режимде енгізу шараларын бастауды тапсырды.

Премьер-Министр су тасқынынан келтірілген залалды өтеуге өтінімдер қабылдау қызметін қысқа мерзімде іске қосуды, сондай-ақ қолда бар бейнебақылау камералары арқылы онлайн режимде су тасқынына қарсы іс-шаралардың орындалуын есепке алу және бақылау жүргізуді тапсырды.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанды IT-елге айналдыру үшін стратегиялық маңызды міндет қойды. Дұрыс басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін сапалы жедел ақпаратқа қол жеткізіп, жаңа технологияларды қолдану керек. Ұсынылып отырған тәсілдерді экономиканың басқа салалары бойынша кеңейту қажет. Барлық құралдар мен мәліметтер қолжетімді. Деректер алмасуды және жүйелерді интеграциялауды дұрыс жолға қою керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинге деректердің уақтылы жаңартылуын және цифрлық құралдарды өмірдің барлық салаларына жедел енгізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

primeminister.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІМЕН 2024 ЖЫЛҒЫ 1 ТОҚСАНҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ТАЛДАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 13 аудиторлық іс - шара, оның ішінде 13-жоспардан тыс іс-шара өткізді. Жоспардан тыс аудиторлық іс-шараларды өткізуге Комитеттің тапсырмалары, құқық қорғау органдарының қайта жіберілген шағымдары мен өтініштері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негіз болды.

Аудиторлық іс-шаралар өткізілді:

- 13 аудиторлық іс-шара немесе заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша 100% (оның ішінде ІМАК-нен және құқық қорғау органдарынан қайта жіберілгендер); ;

Департамент қызметкерлерін облыстың прокуратура органдары мамандар ретінде тексеруге тартты, олар бойынша мамандардың 4 қорытындысы берілді.

Аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлемі 1 243 322,3 мың теңгені құрады, оның ішінде бақылаумен қамтылған мемлекеттік сатып алу сомасы 564 283,9 мың теңгені құрады.

Аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлемі 1 243 322,4 мың теңгені құрады, оның ішінде бақылаумен қамтылған мемлекеттік сатып алу сомасы 564 283,9 мың теңгені құрады.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 1 044 115,8 мың теңгені немесе жалпы қамтудың 84,0% -, құрады, оның ішінде:

- 93 118,4 мың теңге сомаға қаржылық бұзушылықтар немесе жалпы қамтудың 7,5 % ;

-процедуралық сипаттағы бұзушылықтар 950 997,4 мың теңге немесе жалпы қамтудың 76,5 % ;

Қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтардың белгіленген сомасынан жалпы сомасы 93 118,4 мың теңгеге бюджетке өтелуге тиіс.

- өтеуге-60 187,5 мың теңге, өтелген сома 57 114,7 мың теңге немесе 94,9 %.

- қалпына келтіруге-32 930,9 мың теңге, қалпына келтірілген - 0,0 мың теңге.

Есепті кезеңде жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген жауапты тұлғаларды қарау мақсатында аудит объектілеріне 12 ұйғарым жіберілді, есепті күнге 6 ұйғарым бойынша орындау мерзімі келді, оның ішінде 6 ұйғарым орындалды. 5 нұсқама бойынша орындау мерзімі келген жоқ. Бір ұйғарым бойынша орындау мерзімі сот шешіміне дейін ұзартылды

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша аудит объектілерінің 6 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Департамент аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша аудит объектісінің 6 лауазымды адамына 918,5 мың теңге сомасына әкімшілік жаза қолданылды, олар толық өндіріп алынды.

I. Анықталған жүйелік бұзылулар мен кемшіліктер

Жүйелі бұзушылықтар мен кемшіліктер жасауға әкеп соққан себептерді талдау:

жалақыны негізсіз есептеу және төлеу, жалақыны артық төлеу; іссапар шығыстарын артық төлеу, тауарлық-материалдық құндылықтар мен активтерге түгендеу жүргізу мерзімдері мен тәртібін сақтамау; нақты орындалмаған жұмыстар үшін бюджет қаражатын аудару.

Мәселен, мысалы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 22.12.2023 жылғы №ЖТ-Т-125 мемлекеттік сатып алу туралы 16.05.2023 жылғы №23 шартқа қатысты «Zhetysu Invest LTD» ЖШС-мен инвестициялық қызмет бойынша консультациялық қызметтерге жасалған хатымен келіп түскен В. В. Теннен түскен өтініш негізінде инвестициялық қызмет мәселесі бойынша бюджетті жоспарлаудың негізділігі, шарт жасасудың және шарттық міндеттемелерді орындаудың негізділігі. Аудит нәтижелері бойынша 117 900,3 мың теңге сомасында бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде 53 230,9 мың теңге бюджетке өтелуге (аударылуға), 64 669,4 мың теңге сомаға рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар.

- Бюджеттік кодекстің 67-бабының 12-тармағын бұза отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтінімде қамтылған ақпараттар мен есептердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Басқарма бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі атынан 64 669,4 мың теңге сомаға есептердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпеді.

- Бюджет Кодексінің 97-бабы 6-тармағын бұзу ЖШС шотына негізсіз ҚҚС сомасы 16 580,3 мың теңге аударылды, өйткені ЖШС 2023 жылдың мамыр-қазан айлары аралығында ҚҚС төлеуші болып табылмады және ҚҚС-сыз қызмет көрсетті бұл сома тиісті бюджетке өтелуге жатады.

- Бюджет Кодексінің 97-бабы 6-тармағын бұзу ЖШС шотына 12 743,0 мың теңге сомасы негізсіз аударылды, өйткені 7 қызмет бойынша бюджеттен қаражат бөлінді, бірақ Басқарма Бұл 7 қызметті шарт талабына енгізбеді.

- Бюджет Кодексінің 97-бабы 6-тармағын бұзу ЖШС шотына 23 907,62 мың теңге сомасы негізсіз аударылды, өйткені 10 қызмет бойынша бюджеттен қаражат бөлінді, бірақ осы 10 қызметтің құнын басқару есеп айырысудың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпеді, сонымен қатар ЖШС-де есеп айырысудың қалдығы болды, осылайша оларды басқарманың бюджеттік өтінімі бойынша пайдалану расталмайды және бұл сома 23 907,62 мың теңге.

Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы анықталған бұзушылықтарды жоюға 2024 жылғы 02 ақпандағы № ДВГ/261-и.13.03.2024 жылғы № 02-04/1 нұсқамаға жауапқа сәйкес бұзушылықтың белгіленген сомасы бюджет кірісіне толық өтелді (05.03.2024 жылғы № 33 төлем тапсырмасы коды 206109). Сондай-ақ, «сөгіс» түріндегі 1 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жетісу облысы прокуратурасының 2024 жылғы 03 қаңтардағы №2-60-24-00038 және Қаратал ауданы прокуратурасының 2024 жылғы 11 қаңтардағы №2-04-24-00050 талаптары негізінде «Жетісу облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (2023 жылғы 03 наурыздағы аудиторлық есеп) «Оразбаева» ЖК, «Айналайын» ЖК, «Динара» ЖК, «Бейсембаев К.» ЖК, «Байзақов Б.» ЖК, «Рүстембеков Б.»ЖК, «Инкар» ЖК қаражаттарын аударудың негізділігі және бас бухгалтер Ж.Б. Сламжановаға жалақыны аударудың негізділігі, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді сатып алуға шарттар жасасуға Мемлекеттік сатып алу заңнамасының нормаларын сақтаудың негізділігі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік аудит мәселесі бойынша сәйкестік аудиті жүргізілді. Аудит нәтижелері бойынша жалпы сомасы 30 306,7 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 97-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасын бұза отырып, кәсіпорын растайтын құжаттары жоқ өнім берушілерге 2022 жылғы кезеңде жалпы сомасы 21 889,6 мың теңге ақшалай қаражат аударды;

- Еңбек кодексінің 103 - бабының 1-тармағын бұза отырып, 2020 жылғы маусымнан 2023 жылғы қазанға дейінгі кезеңдегі жалақыны өзінің есеп шотына бас бухгалтер Жұлдыз Беріккызы Сламжанова 8 417,1 мың теңге сомасында негізсіз аударды.

Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша 2024 жылғы 28 ақпандағы № ДВГ/477-И, 29.03.2024 жылғы нұсқаманың орындалу мерзіміне жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы анықталған бұзушылықтарды жоюға нұсқама жіберілді.

II. Жүйелік бұзылулар мен кемшіліктер жасауға әкелген себептерді талдау

Анықталған бұзушылықтардың себептері мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары мен бухгалтерлері тарапынан нормативтік-құқықтық актілерді тиісінше зерделемеу болып табылады.

Аудит объектілерінде жүргізілген аудиторлық іс-шаралар қорытындысы бойынша негізінен келесі бұзушылықтарға жол беріледі, жалақыны есептеу және төлеу жөніндегі қағидалардың талаптары сақталмайды, сондай-ақ аудит объектісінің лауазымды адамдары нақты орындалмаған жұмыстар үшін жалақыны, сыйлықақыларды, бюджет қаражатын аударуды және орындалмаған жұмыс көлемінен өсімпұлды есептеуді негізсіз жүргізеді және қолданыстағы заңнама нормаларын сақтамау себебінен өзге де төлемдерді жүргізеді.

III. Анықталған жүйелік бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша аудит объектілеріне Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтау жөніндегі қорытындылары мен ұсынымдары бар аудиторлық қорытындылар жіберіледі.

Сондай-ақ, қызметкерлер арасында оқыту жүргізу және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын қатаң басшылыққа алу ұсынылды.

Жоспарлау, талдау, есептілік және сапалы бақылау бөлімі

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен жалғыз тұрғынжай ретінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын, көрсетілетін қызметті алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушылардың тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың жиыны ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушылардың осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар 10 пайыздан асырмай белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанда құжаттарды ұсыну уақытына қарамастан ағымдағы тоқсанға тағайындалады және көрсетіледі.

Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін «электрондық үкімет» веб-порталы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш және Мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің сәйкес құжаттарды ұсынады.

А.БЕЙСБАЕВ,
Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

Ескелді ауданының ішкі, саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйыдастыруымен 2024 жылдың 15 наурыз күні аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының мәжіліс залында көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерін түсіндіру бойынша кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге бөлімнің мамандары, аудандық балалар мен жасөспірім спорт мектебінің мамандары, аудандық бұқаралық – спорттық іс-шараларды өткізу орталығының мамандары, ауылдық округтеріндегі спорт жөніндегі әдіскерлері және ата-аналар қатысты.

М.ШЕРЕКЕНОВ,
бөлімнің инспекторы

ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Этикалық норма - бұл мемлекеттік қызметшілердің өздерінің мінез-құлқындағы құндылықтар мен сенімдерге негізделген принцип, оны шешім қабылдауда және жұмыс барысында әріптестерімен қарым-қатынаста болған кезде басшылыққа алуы керек.

Этикалық норма моральдық талаптың бір түрі. Бір жағынан, этикалық норма моральдық қатынастардың элементі ретінде, ал екінші жағынан - моральдық сананың формасы ретінде әрекет етеді, ол өзінің міндеті, ар-ожданы мен әділеттілік идеясына сүйене отырып, мүлтіксіз орындауды талап ететін мінез-құлық түрінде көрінеді.

Тәртіптік істердің Әдеп жөніндегі кеңесі Қазақстан Республикасының Әдеп кодексінің нормаларын бұзу бөлігінде қараған кезде Кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің міндетті әдеп нормасын сақтауына баса назар аударады бұл қарым-қатынастың кез келген жағдайында теріс эмоцияларды тежеу, теріс ақпаратты жұмсарту және адамның қадір-қасиетін дөрекілік пен қызғанышты кемсітуге жол бермеу қабілетімен басқа адамға зиян келтіруге тыйым салу болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты міндет. Өйткені, ол қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет мінсіз атқарылуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің еңбегі де оңтайлы болғаны жөн. Ол үшін мемлекеттік органдарда мінсіз қызмет ететін мемлекеттік қызметші жұмыс уақытысы аяқталған соң негізсіз жұмыс орнында қалып, мемлекеттік жұмыспен айналыспай менеджмент саласын да толық меңгеруі тиіс. Бұл қазіргі уақыттың талабы. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен жергілікті атқарушы органдардың кіруді бақылау және басқару жүйесін «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінде интеграциялау бойынша атқарылған жұмыстарға қатысты талдау жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытын тиімді пайдаланып, жұмыс уақыты аяқталған соң жұмыста қалу фактісі тіркелмеу үшін мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, төмендегі шаралардың жүйелі атқарылуы басты назарға алынды. Атап айтар болсақ,

1) мемлекеттік қызметшілерді үстеме жұмысқа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 32-бабының 4-тармағымен көзделген тәртіппен ғана тартуды, үстеме жұмыс үшін заңнамамен көзделген демалыс күндері (сағаттары) берілуін, өтемақы төленуін қатаң сақтауды қамтамасыз етуді;

2) мемлекеттік органдарда «икемді жұмыс кестесі» режимін кеңінен енгізуді ықпал жасауды, мемлекеттік қызметшілермен артық жұмыс жасауды азайту туралы нақты мақсатты индикаторды мемлекеттік органдардың тиісті басшыларының жеке жұмыс жоспарына қосуды;

3) жергілікті атқарушы органдарда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде мемлекеттік қызметшілердің магнитті картаны қолдану арқылы кіру және шығу уақытын есепке алатын қолжетімділікті есептеу және бақылау жүйесін (ҚЕБЖ) (скуд) орнатуды;

4) мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде және жергілікті атқарушы органдарда бірыңғай, бір ізді ҚЕБЖ-ны орнату бойынша тиісті шараларды қабылдау көзделді.

Жоғарыда аталған тапсырмалар негізінде артық жұмыс жасау фактілері орын алса, оларды жою бойынша шаралар қабылданбаған мемлекеттік органдардың басшылары мен Әдеп жөніндегі уәкілдерінің осы бағыттағы жұмыстары туралы мәселесі Департаменттің Әдеп жөніндегі кеңесінде қаралып, көптің талқысына түсетін болады. Сонымен қатар, ҚР Премьер-Министрі Кеңесі мемлекеттік қызметшілердің еңбегін оңтайландыру бағытында жұмыс уақытын есептейтін автоматтандырылған жүйені жаппай енгізу қажет деп тапқан. Бұл жүйе арқылы мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытысын жүйелі әрі нәтижелі пайдаланатын болады. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан тыс уақытта жұмыс орнында негізсіз қалуларын анықтау үшін Әдеп жөніндегі уәкілдердің, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің, қоғам белсенділерінің қатысуларымен мемлекеттік мекемелерде рейдтік жұмыстарды жүргізіліу жоспарлануда.

Әдеп нормаларын сақтап, уақытты үнемді пайдалана отырып, халыққа мемлекеттік қызметті мінсіз ұсыну – мемлекеттік қызметшінің негізгі міндетінің бірі.

Нұрлан СҮЛЕЙМЕНОВ,
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

ЖАЛДАМАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР МӘМС ТӨЛЕМДЕРІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?



Жұмыс беруші қызметкерді МӘМС үшін жарналар мен аударымдар туралы хабардар етуі тиіс.

Қызметкерге төлемнің екі түрі түседі:

Аударымдар - оларды жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді - 2024 жылы оның мөлшері қызметкер жалақысының 3% құрайды. Аударымдардың максималды мөлшері 10 ЕТЖ-дан 3% - дан, яғни 25 500 теңгеден аспауы керек.

Жарналар - оларды жұмыс беруші қызметкердің жалақысынан ұстайды, олар қызметкердің жалақысының 2% құрайды.

Егер қызметкер МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін 5 жеңілдік санаттың біріне кірсе, онда жұмыс беруші олар үшін аударымдар мен жарналарды төлемейді. Бұл санаттар:

•балалар

•зейнетақы жарналарын алушылар

•«Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері немесе «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар

•мүгедектер

•орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдар

•жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, баланы (балаларды) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыстағы адамдар

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ РАЗМЕРА И ПОРЯДКА ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

Жилищная помощь предоставляется за счет средств местного бюджета услугополучателям, постоянно зарегистрированным и проживающим в жилище, которое находится на праве собственности как единственное жилище на территории Республики Казахстан, а также нанимателям (поднанимателям) жилища из государственного жилищного фонда и жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, на оплату:

расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума;

потребления коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций;

расходов за пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде.

Расходы услугополучателя, принимаемые к исчислению жилищной помощи, определяются как сумма расходов по каждому из вышеуказанных направлений.

Жилищная помощь определяется как разница между суммой оплаты расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, в том числе капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума, потребление коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, пользование жилищем из государственного жилищного фонда и жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, и предельно допустимым уровнем расходов услугополучателя на эти цели, установленным местными представительными органами, в размере 10 (десять) процентов.

Жилищная помощь назначается и оказывается на текущий квартал, независимо от времени предоставления документов в квартале обращения.

Для назначения жилищной помощи малообеспеченная семья (гражданин) (либо его представитель в силу полномочия, основанного на доверенности, законодательстве, решении суда либо административном акте) через веб-портал «электронного правительства» или Государственную корпорацию представляет заявление по форме согласно приложению 1 к Правилам и документы согласно перечня основных требований к оказанию государственной услуги.

А.БЕЙСБАЕВ,
Руководитель отдела занятости и социальнных программ

ЦИФРОВАЯ БИБЛИОТЕКА В ШКОЛЕ

В рамках проекта «Читающая школа» поставлена задача усиления деятельности школьных библиотек, существенного обновления фонда художественной литературы на государственном языке, информатизация и компьютеризация, подключение к локальным сетям.

Ключевые задачи школьных библиотек

•цифровизация школьных библиотек : создание сайта-цифрового ресурса для обеспечения потребностей читателей библиотеки; создание и пополнение фонда электронных учебников; создание электронных библиотек на основе цифровой библиотеки Республиканской научно-педагогической библиотеки Министерства просвещения Республики Казахстан;

• внедрение новых информационных технологии для повышения эффективности деятельности библиотек, обеспечение компьютерами, выходом в интернет : использование компьютерных технологии в основных процессах библиотечно-информационной деятельности;

• использование школьными библиотекарями социальных сетей для обсуждения книг, публикаций отзывов читателей, информации о проведённых мероприятиях и.т.д.

С целью реализации проекта «Цифровая библиотека» в школе им Н.Алдабергенова создан блок гиперссылок для учителей, учащихся, родителей для изучения литературного чтения, казахской и русской литературы.

Пройдя по ссылке ученик может прослушать заданное произведение как в аудио формате, так т полностью прочитать заданный текст, так как многие произведение в учебниках печатаются в сокращённом формате.

Ведется работа по созданию электронного каталога фонда художественной литературы. На данном этапе создан электронный каталог детской литературы, литературы на казахском языке. Вся эта информация загружена на сайт школы.

В школе действует стенд "Электронды кітапхана" на котором учащиеся отсканировав QRкод могут прочитать произведения которых нет в фонде библиотеки используя свой гаджет.

В помощь учащимся и учителям в школьной библиотеке информация о государственной символике, памятниках, исторических ценностях, сакральных местах, городах Казахстана, дня Независимости имеются яркие стикеры со штрих кодом, по которым с помощью гаджетов все желающие могут получить интересную и познавательную информацию.

Все мероприятия, проводимые библиотекарями, размещаются на сайте школы, и инстаграм страницу. На каждое проведенное мероприятие у библиотекарей имеются ссылки.

Работа над реализацией проекта «Цифровая библиотека» в дальнейшем будет продолжаться.

А.С.БАЙТАЙЛАКОВА,
Библиотекарь

«ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ АҚЫН САРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ МЫНАДАЙ ТҮРЛЕРІН ҰСЫНАДЫ

-Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

- кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру,

-сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу,

-жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату,

-жер учаскесін алу үшін кезекке қою

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен, ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) болуы қажет, оны халыққа қызмет көрсету орталығында немесе порталдағы электрондық өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында алуға болады egov.kz немесе сайтта pki.gov.kz. оны флэш карта, жеке куәлік ретінде сақтау.

Сондай-ақ әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қызметтерді алуда көмек көрсетеміз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментіне телефон арқылы шағымдануға құқығыңыз бар 8(7282)241191, 8(72822)240688 және мемлекеттік қызметтерді алу кезінде өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін.

А.ИСЕМБАЕВА,
«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы (87283651090)

ГУ «АППАРАТ АКИМА КОКЖАЗЫКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА» ПРЕДОСТАВЛЯЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ВИДЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,

- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,

- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»

- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»

- «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее -ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте pki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все необходимые услуги (все виды справок) мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении услуг.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Департамент по делам государственной службы и противодействию коррупции в Call-центр 1424 для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

А.К.АЛПЫСБАЕВА,
Главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» (87283635182)

«КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»ММ-МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»,

- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»,

- «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»

- «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»

- «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі-ЭЦҚ) болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО-ға) жүгініп немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан egov.kz порталы немесе pki.gov.kz сайтынан алып, әрі-қарай флэш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады.

Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қандай да бір қызметті алуда көмек көрсетеміз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментіне телефон арқылы шағымдануға құқығыңыз бар. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін Call-центр 1424.

А.К.АЛПЫСБАЕВА,
«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы (87283635182)

ЖҰМАҚТЫҢ ИІСІ АҢҚЫҒАН МЕКЕННІҢ ЖАНАШЫРЫ

Ауданымыздағы талай сұлматты жылдарды өткірген, тарихы терең тамырда жатқан алғашқы перзентханамыз жайлы кішкене болсада сөз етсек. Жалпы перзентханамыз 1946 жылдары 40 кереуетпен жұмысын бастап, 1960 жылы 100 кереуетке ақырындап аяқ басты. Солай перзентхана өз жұмысын бастап, деңгейін көтере бастаған. Міне сол тарихи кезеңдерді өткізіп қәзір көптеген жетістіктерге жетіп жатыр. Оған себепші ақ халатты абзал жандардың тынымсыз еңбегінде. Сәбилер дүниеге келетін бөлімнің жұмысын көрмек болып, аудандық аурухананың перзентхана орталығына арнайы бардым. Бүгінде, 2 акушер-гинеколог, 3 акушер, 4 дәрігер, 5 медбике жұмыс атқарып келеді. Перзентхана бөлімі арнайы соңғы үлгіде жабдықталған. Аудандық перзентхана бөлімі ана мен балаға көмек көрсетудің екінші деңгейлі сатысына жатады екен. Яғни ол дегеніміз аналарды күрделі босандыру кезіндегі қабылдауға арналған.

Мына жарық әлемде омырауын жібіткіп, алпыс екі тамырын идірген сәбидің қылығына жететін қандай қуаныш бар екен?! Өмірге дені сау, он екі мүшесі бүтін бала әкелу – әрбір ананың арманы. Іңгәлаған сәби, іңкәр сезіммен нәрестесін бауырына басқан ана... Иә, әр адам үшін перзент сүю арман. Соның ішінде қазақ халқы үшін дүниеге ұрпақ келгеннен артық қуаныш жоқ. Ана денсаулығы ол – ұлттың денсаулығы. Ана атанып, дені сау баланы өмірге әкелу әр әйел затының арманы. Алдына келген әрбір қызкеліншекке жанашырлықпен қарап, жағдайын түсініп, сауатты ем-шара жасау міндетін тыңғылықты атқарған Ақмарал Күмісбекқызы көптеген науқастың денсаулығын түзеуіне әрі, ана бақытын сезініп, сәби құшуына себепкер болды. Өз саласын меңгеріп, білікті маман атанған жанашыр тұлға. Ақмарал Күмісбекқызы - тәжірбиелі акушер гинеколог, дәрігерлік салада 24 жыл жұмыс атқарған, ал ауданымызда 14 жылдай қызмет атқарып келеді. Ол өз қызметінің басты өлшемі ана мен баланың өмірін сақтау екенін жан-жүрегімен түсінеді. Дәрігер үшін мұнда жүкті әйелдер келіп түскеннен бастап, олардың өмірге сәби әкелетін алғашқы минуттары өте маңызды. Себебі баланың дүниеге келуі – күрделі процесс. Ең бастысы акушер-гинеколог дәрігер ана мен баланың денсаулығын басты назарда ұстайды.

Жауапкершілікті талап ететін осындай акушерлік қызметке Ақмарал Күмісбекқызы қалай келгендігін сұхбаттасып білетін боламыз.

Ақмарал Күмісбекқызы, дәрігер болу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін кәсіп. Алдымен медицина саласын таңдауыңызға не түрткі болды. осыдан бастасақ....бұл мамандыққа келуіңіздің себебі неде? Неліктен дәрігерлік жолды таңдадыңыз?

Дәрігер мамандығы бала кезімдегі арманым десемде болады. Кішкентай кезімнен мені басқа мамандықтар тіпті қызықтырмады. Есімде 6-7 сыныпта оқып жүргенімде өзіме мақсат қойдым. Және бала арманымның орындалуына барынша күш салып тырыстым. Яғни оқуда озат болдым. Мамандығыма келсем, 1998 жылы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясында, педиатрия мамандығын оқып шығып, 2000 жылы уролог мамандығы бойынша клиникалық резидентураны бітірдім. Сөйтіп Қырғызстан елінде дәрігерлік қызметті бастадым. 2006 жылы осы ауданға көшіп келіп, 2010 жылға дейін хирург-уролог мамандығы бойынша дәрігерлік жұмысты атқардым. Ал 2010 жылы бастапқы акушерлік гинекология мамандығының оқуын оқып, акушер-гинеколог болдым.

Сіз, өз сөзіңізде осы ауданда 14 жыл акушерлік қызмет атқардым дедіңіз. Жалпы статистиканы айта аласыз ба? Жылына орта есеппен қанша бала дүние есігін ашады?

Ауданымызда жылына орта есеппен 700-дей бала дүниеге келеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, демографиялық өсім жағынан жақсы көрсеткіш. Демографиялық өсім бірінші кезекте туу көрсеткішінің жоғары болуына байланысты. Биыл кесір тілігімен 4 егіздер дүниеге келді сонымен қатар, күніне 3-4 нәресте дүние есігін ашады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен шамамен көп.

Осы акушерлік қызметіңізде қанша келіншекті босандырдыңыз? Қанша балаға кіндік ана болдыңыз? Қиыншылық тудырған сәттер болды ма?

Шынымды айтсам есеп жүргізбептім, қанша уақыт перзентханада, оның ішінде босану блогында еңбек еткен мерзімді санап, орта есеппен шамамен 600-ге жуық баланың кіндігін кескен шығармын деп ойлаймын. Әрине, жұмыс болған соң әр саланың өз қиындығы болады ғой. Бірақ өзімнің ынта сеніміме қарай қиыншылықты сабырмен қарсы алуға тырысамын.

Дәрігердің бойында болуы тиісті үш қасиетті айта аласыз ба?

Ең бастысы жұмысына деген адалдық, шыдамдылық, білім мен біліктілік. Қандай қызмет түрі болмасын өз жұмысыңды жан тәніңмен жақсы көріп тұрсаң, жақсы нәтиже шығара аласың. Адам өзіне ұнамайтын шаруамен айналысса, ісі алға баспайды.

Күн сайын өмірге келген жаңа нәрестелерді қарсы алғанда қандай сезімде боласыз?

Бұл Алланың берген сыйы деп ойлаймын. Алланың маған берген бағы. Тап-таза періштені Жаратқаннан кейін көруді маған маңдайыма бұйырғаны. Жаңа адамның, бейкүнә нәрестенің өмірге келгенін көргенде бойыңды қуаныш сезімі билейді. Айтып та жазып та, сөзбен жеткізе алмаймын. Бұл бақытты көзбен көріп, қолмен ұстаған жан ғана түсіне алады. Бұл сезімді анасы мен әкесі де алғаш қолына алғанда сезінеді ғой, дәл сондай сезім бізде де. Өз басым Жаратқанға сансыз шүкіршілік айтамын, мамандық таңдаудан қателеспегенім үшін. Сонымен қатар бір отбасына бала сүю бақытын сыйлағаныма қуанамын, және де көкірегімде мақтаныш сезімі кернейді.

Жүктілік үшін ең қолайлы жас қанша? Көбінде әйелдер қауымы әлі жаспын, қартайып бара жатқаным жоқ деп жатады. 40-қа дейін бір бала тауып аламын, асығыс жоққой деген ойлармен уақыт өткізеді. Сіз не дейсіз?

Жүктіліктің тым ерте болғаны да дұрыс емес. Ең қолайлы кезең – 21-27 жас аралығы. Ерте замандарда қыз бала 14-15 жаста тұрмысқа шығып, бала тапқан деген фактілер бар. Ата-бабаларымыз кезінде 13-те отау иесі деген. Бірақ ол заманда ешкім статистика жүргізген жоқ, қанша баланың шетінегенін, қанша ананың өліп кеткенін білмейміз. Мүгедектікпен туған балалар сол ғасырларда да болды. Сондықтан ағза тұтас жетілгенде ғана жүктілікті жоспарлау керек. Қазіргі заманауи әлемде көптеген қыздар мансап туралы ойлайды, әлеуметтік, тұрғын үй, қаржылық жағдайларын жақсартқысы келеді, сондықтан тұрмыс құру мен сәби сүю екінші орынға қалып қоюда. Қырық жасқа тақағанда тұрмысқа шығып, бала көтерейін десе, фолликулалар, ұрық жасушалары азайған, гормоналды фоны бұзылған болады. Жас ұлғайған сайын басқа да неше түрлі аурулар туындайды. Сондықтан мен мансап туралы ойлайтын қыздарға 30 жастан кейін репродуктологқа барып, сапалы ұрық жасушаларын мұздатып қоюға кеңес беремін. Мұндай сақтау тәсілдері Қазақстанның кез келген қаласында қолжетімді.

Болашақ аналарға қандай кеңес бересіз? Қалай ойлайсыз жүктілік жоспарлануы керек пе? Ана жүктілік кезінде нені білуі керек?

Алдымен жүктілік алдындағы дайындыққа тоқталғым келеді. Болашақ ата-анаға берер ең бірінші және ең негізгі кеңесім – дүниеге бала әкелуді жоспарлау керек. Әр емханада жүктілікті жоспарлайтын кабинеттер бар. Онда акушер-гинеколог, терапевт мамандары отырады. Сол кабинетке келіп, білікті мамандардан ақыл-кеңес алған дұрыс. Ерлі-зайыптылар өмірге қанша бала әкелетіні, оны қай кезде әкелетініне дейін ойлануы шарт. Кейде ауырамыз, материалдық жағдайымыз төмен болады немесе басқа проблемалар бар дегендей. Оның барлығы болашақ балаға әсер етуі мүмкін. Жүктілікті жоспарлағанға дейін вирустарға анализдер тапсыру керек. Осы сараптамалардан жүктілікке дейін өткен дұрыс. Егер анықталып жатса, оны емдеу үшін антибиотиктер қолдану керек. Жүктіліктің жағымды өтуі мен дені сау нәрестені дүниеге әкелу үшін, бұл оқиғаға алдын ала дайындалу қажет. Талдаулар тапсыру қажеттілігі мен жүктілікті жоспарлау барысындағы іс-шаралар сипаты болашақ ата-ананың денсаулық жағдайларына байланысты анықталады. Ең алғашқы әрекет - гинеколог қабылдауына баруы. Болашақ аналардың өзінің созылмалы, тұқымқуалаушылық, басынан өткен ауруларын, етеккір айналымының ұзақтығын есте сақтап, бар болған жағдайда, бұрын соңды тапсырған зерттеулер нәтижелерін (талдау, УДЗ) сатылы анықталуы жүктіліктің ойдағыдай аяқталуына зор себебін тигізеді. Қабылдау кезінде дәрігер жұбайлармен сұхбаттасып, жүктілікті жоспарлау кезінде ұстануға қажетті өмір салты туралы ақпарат беріп, анамнез (денсаулық жағдайы туралы мәліметтерді) жинақтайды. Жүктіліктің алғашқы белгілері білінгеннен бастап әйел міндетті түрде әйелдер консультациясына қаралуы қажет. Оған жүктілік кезінде 6-8 рет барып, босанғаннан кейін 8-10 апта бойы байқалып тұруы қажет. Әйелдер мен олардың жақындары екіқабат кезіндегі әйелдің денсаулығындағы шамадан тыс ауытқушылықтардың белгілерін біліп, сол уақытта қайда барып шұғыл, жәрдем алуы қажет екендігін білгені жөн. Барлық жүкті әйелдер толыққанды тамақтану мен сапалы ауызсуды пайдаланып, екіқабат кезінде дұрыс демалғаны жөн. Біз жүктілік кезінде әйелдің өте сезімтал болатындығын жақсы білеміз. Тәжірибелік сабақтар әйелді табиғи және рухани жағынан нәрестенің дүниеге келуіне дайындайды. Қорытындылай келе барлық жүкті әйелдерге 9 ай сәтті өтіп, жеңіл босану, тәжірибелі медициналық қызметкерлердің кездесуін тілеймін.

Жүктілік триместрлерге бөлінетінін білеміз. Бұл ана мен бала үшін қаншалықты маңызды?

Жүктілік 3 триместрге бөлінеді. Бірінші триместр дегеніміз – жүктілік пайда болғаннан бастап 13 аптаға дейінгі кезең. Екінші триместр – 14 аптадан 27 аптаға дейінгі кезең. 28 аптадан баланы босанғанға дейін аралық жүктіліктің үшінші триместрі болып саналады. Жүкті әйел үшін үшеуі де маңызды. Десе де, ең маңыздысы бірінші триместр дер едім. Себебі аталған кезеңде болашақ сәбидің барлық органдары, яғни эмбригенез процесі жүреді. Мысалы, жүрек-қан тамырлары мен орталық жүйке жүйесінің қалыптасуы алғашқы триместрде болады. Осы кезде жүкті әйел салауатты өмір салтын ұстанғаны абзал. Дұрыс тамақтанып, өзін ауыр жүктемелерден аулақ ұстауы тиіс. Егер оның зиянды әдеттері болса, аулақ болған жөн.

Патологиясы бар, шағымы көп жүкті әйелдерге ем қалай жүргізіледі?

Біз патологияны шартты түрде екіге бөліп қарастырамыз. Біріншісі - жүкті әйелдің өміріне қауіп төндіретін ауытқулар. Екіншісі - жүктілікке кері әсерін тигізбейтіндер. Бірақ ол экстрагенитальды патология болуы мүмкін. Денсаулық сақтау министрінің арнайы бұйрығы бар. Онда қандай әйелдерге жүктілік қарсы көрсеткіш болып есептелетіні жазылған. Мысалы, АИТВ, сифилистің, туберкулездің белсенді формалары, сондай-ақ жүкті әйел алғашқы триместрде қызылша, ветрянка болып ауырса және жүйке жүйесінің қандай да бір аурулары болса, артериялық гипертензияның үшінші-төртінші стадиясы, қант диабетінің декомпенсациясы кезеңі. Сондай-ақ әйелдердің бір бүйрегі ғана болуы мүмкін. Ол қабынған кезде жүктілікке рұқсат етілмейді. Тізімді осылай жалғастыра беруге болады. Егер жүктілік медициналық көрсеткіш бойынша денсаулыққа қауіпті болса, жолдасына немесе ата-анасына ескертіліп айтылады. Ортақ келісіммен жүктілікті үзуге жібереміз. Ал экстрагенитальды патологияда белгілі бір салалық дәрігердің қабылдауына жіберіліп, дәрілер тағайындалады. Жүктілік бойы сол маманның бақылауында болады.

Жүкті әйел медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған болуы шарт па?

Шарт емес. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының 15 жеңілдікті санаты бар. Соның қатарында «Жұмыссыз жүкті әйелдер» деген санат бар. Егер жүкті әйелдің сақтандыру мәртебесі болмаған жағдайда, қабылдап анықтама береміз. Ол сол жерде кабинетте отырып, «Qoldau24\7» қосымшасы арқылы өтініш бере алады. Ізінше гинеколог оны жүкті әйелдердің регистрі деген жүйеге енгізеді. 1-2 жұмыс күн ішінде әйелге «сақтандырылды» деген мәртебе беріледі. Атап өтерлігі, пациент «сақтандырылмаған» болса да, дәрігер қабылдауы керек. Кейбір әйелдер білместіктің салдарынан, «сақтандыру мәртебем жоқ, мені қабылдамайтын шығар» деп жүктілігінің соңғы апталарына дейін келмей жүріп қалады. Бұл дұрыс емес.

Дана халқымыз «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатар» деп текке айтпаса керек. Қалай десек те, ананың ауыруы болашақ ұрпақ үшін де, қалың қазақ үшін де үлкен қәсірет. Ана денсаулығы мен бедеулік жайлы айтып өтсеңіз?

Ежелден аналарымыз бір қолымен әлемді тербетсе, бір қолымен бесікті тербеткен. Сондай-ақ кез-келген қиындыққа әрбір ана, әйел заты сабыр мен қарап, оңтайлы шешім қабылдаған. Бүгінгінің де әйел қауымы да сондай. Десекте, көпке топырақ шашуға болмайды. Бүгінде, кез-келген затты я болмаса көңілге тиген әрбір дақтың өзін көңілге қатты түйіп, ары қарай өрбіткіп кетіп жатамыз. Бедеулік те жай ғана сөз емес. Бедеулікке ұшыраған әйелдің өмірбойы бала сүю мүмкіндігі болмайды деген жаңсақ пікір болмау керек. Бедеулікті емдеуге болады. Оның барлығы білікті мамандар мен бедеуліктің деңгейіне байланысты. Бедеуліктен құтылу ниетімен емделетін бедеу әйелдердің төрттен үші бала сүю бақытына ие болып жатады. Бедеуліктен арылу ұзақтығы әр әйелде әрқалай болады. Оның бекітілген мерзімі мен берілетін 100 пайыздық кепілдігі жоқ.

Бедеуліктен құтылудың ең алғашқы шарттары: үміт және сабыр. Бұл екеуінен кейінгілеріне білікті маманның кеңесі, дұрыс таңдалған ем-дом жатады.

Екінші рет мамандық таңдау мүмкіндігі берілгенін елестетіп көрсек, қандай кәсіпті таңдар едіңіз және неліктен?

Дәрігер болар ем, оның ішінде акушер-гинеколог. Бұл - менің жүрегімнің қалауы. Өзімді басқа салада елестете алмаймын.

Сіз үшін өмірдегі ең басты құндылық?

Бірінші кезекте, отбасы – тұлғаның қалыптасуында ең маңызды құндылық. Екінші кезекте - адамгершілік. Басқаның барлығы өз ретімен келе береді. Бойында адами қасиет болмаса – қалғанының барлығы бос дүние.

-Сұхбаттасқаныңызға рақмет! Жұмысыңызда толағай табыстарға жетуіңізге тілектеспін!

Ақниет ЭЛЬДАРҰЛЫ,
СҰХБАТТАСҚАН

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫ ӘЙЕЛДЕР

Ағартушы білімімен бөліскен, көптің сауатын ашуға еңбек еткен Алаш әйелдерінің алғашқысы – Үммі Гүлсім Асфендиярова. Гүлсім - Қазақ тарихындағы дипломы бар алғашқы әйел дәрігер. Атақты Санжар Асфендияровтың туған әпкесі. Асфендияров әулеті 8 ағайынды, барлығы жоғары білімді болған. Сол кезде, жалпы қазақтың қыздары енді сауатын ашып жүрген кезде, Гүлсім - Еуропада алғаш ашылған әйелдерге арналған медициналық институттың 10 стипендиясының біреуін ұтып алған алғашқы қазақ қызы. Институтты жақсы дипломмен аяқтағаннан кейін елге қайтып, жұртты емдеп қоймай ең алғашқы рет акушерлік курс, акушерлердің бөлімшелерін ашқан. Өз өңірінде алғаш рет кесір тілігін жасаған әйел.. Санжар інісінен бұрын медицинаға келген Гүлсімнің өз отбасы, бала-шағасы болмаса да мыңдаған баланың аман-есен дүниеге келуіне еңбек етті. Акушерлік мектеп ашты. Газеттерге жұрттың гигиеналық, медициналық сауатын ашу үшін тұрақты мақала жазып тұрды. Шәкірт тәрбиеледі, оқытушы болды. Бұл жәй діргердің еңбегі емес, таза ағартушының жолы.

Аққағаз Досжанова – Мәскеуде білім алған қазақтың алғашқы дәрігер қыздарының бірі. Биыл халқымыздың тұңғыш ақ халатты абзал жаны атанған аяулы тұлғаның туғанына 115 жыл толып отыр. Бір өкініштісі, арпалысқа толы XX ғасыр басында қазақтың дербестігін аңсап, сол жолда бастарын бәйгеге тіккен ұлтымыздың біртуар ұлдары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожановтармен бірге жүріп, ұлтжанды ағаларының алақанының жылуын сезініп, ұлт шаңырағының уығын қадауға қатысқан, қазақ қыздарының арасынан алғаш болып жұлдыздай жарқырап, «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болуға ұмтылған» Аққағаз Досжанованы бүгінгі ұрпақ біле бермейді.

Әңгімені әріден бастайық. Аққағаз Досжанова – 1893 жылы Ақтөбе уезіне қарасты Бөрте болысының 5-ші ауылында ауқатты шаруа отбасында дүниеге келді. Анасынан ерте айрылып, ағасы Сағындықтың тәрбиесінде өсті. Реті келгенде айту керек, Аққағаз Досжанованың білім алуына, дәрігер деген қастерлі мамандықты таңдауына ағасы Сағындық Досжановтың ықпалы зор. Өйткені Сағындық Досжанов заманында Алаш ардақтыларының сенімді серігі болған, педагогтік білім алған, Алашорда қозғалысының батыс қанатын басқарған, Қырғыз Халық комиссарлары Кеңесінің, орталық атқару комитетінің мүшесі, Торғай облыстық халық ағарту комиссары қызметтерін атқарған, осы облыстағы 1917 жылы 2-8 сәуір мен 20-25 тамыз күндері өткен құрылтайды ұйымдастырушылардың бірі болды. Ағасының ақылымен Аққағаз Досжанова Орынбор гимназиясына оқуға түсіп, 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шығады. Бұл жөнінде «Оренбургский Вестник» газеті арнаулы мақала жазып, гимназияда озат оқыған алғашқы қазақ қызының жетістігін ерекше атап өтеді. Себебі ол заманда қазақ оқығандары, оның ішінде қазақ қыздарының арасынан білімге иек артқандар жоқтың қасы болатын. Аққағаз Досжанова сол уақытта «қазақ қыздары қараңғы, қазақ оқымайды» деген қатып қалған қасаң қағиданы бұзып, алғаш болып білім өріне ұмтылған қазақ қыздарының бірегейі болды. Білімге құштар, зерек, зерделі қазақ бойжеткені Орынбордағы гимназияны ойдағыдай тәмәмдаған соң, Мәскеудегі жоғары әйелдер курсына оқуға түсті. Мұнаралы Мәскеуге жол тартқан қаршадай қазақ қызының бұл бастамасы заманында ерлікпен пара-пар саналды. Өйткені бұл уақытқа дейін қазақ балаларының Мәскеу түгіл, өз елінде оқуға мүмкіндігі жоқ-тын. Мәскеу саналы қазақ қызын тек білім нәріне сусындатып қана қоймай, зерделі жастың зейінін кеңейтіп, үлкен өмір жолына үйретті. Ой-санасы өсті. Орыс құрбыларымен қатар жүріп, ол Мәскеуде білім алып жатқан мұсылман студенттері – татардың, әзірбайжанның және Шығыстың басқа да ұлттарының жастарымен тығыз бауырластық қарым-қатынаста болды. Бауырлас халықтардың бостандығы мен теңдігін, тұтастығын ту етіп мұсылман жастарының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Мәскеудегі татар студенттері қоғамының белсенді мүшесі болды. Орыс тіліне жүйрік, мәдениетіне қанық қазақ бойжеткені 1917 жылы ақпан айында Мәскеудің татар слободкасындағы медреседе бұратана халықтардың патша өкіметі езгісінен азат етілгені туралы орыс тілінде баяндама жасады. Ақиқатын айтқанда, Аққағаз Досжанова Мәскеудегі мұсылман жастарының көш басында тұрды. Айтар ойын жасқанбай ашық айтты, мұсылман бауырлардың сөзін сөйледі. Қаладағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Сөйтіп жүргенде Аққағаз Досжанова науқасқа шалдықты. Жолдастарының көмегімен клиникада емделіп, мәскеулік дәрігер, профессор Плетновқа көрінгенімен де науқасынан айыға алмаған соң туған жер топырағына оралуға мәжбүр болды. Осылайша талапты бойжеткен 1918 жылдың қоңыр күзінде курстың «қайырымды медбике» бөлімін асығыс аяқтап, атамекенге аяқ басты. Елге оралып, бір жылдай ауылда тынығып, денсаулығын түзеп алған арманшыл бойжеткен әрекетсіз отыруды жөн көрмеді. Мәскеуде бірер жыл оқып келгені бар, білім нәріне толық сусындап үлгермеген талапты жас қайтсе де білім алуға, өнер үйренуге құлшынды. «Талаптыға нұр жауар» демекші, сол жылы білімге іңкәр жүректің арманы орындалып, Аққағаз Досжанова Томск қаласындағы дәрігерлік институтқа оқуға түсті. 1921 жылы білім ордасын ойдағыдай тәмәмдаған болашақ дәрігер осы жылы Семей облысының Абай ауданына келіп, тәжірибеден өтті. Текті тұлғалар туған топырақта тәжірибеден өткен бойжеткен Томскіге қайтып оралғысы келмейді. Ойлы қыз ойлана келе, ақыл таразына салып бар қазақ зиялылары бас қосып, тізе біріктіріп жатқан Ташкентке баруды жөн көреді. Сөйтіп, тәуекелге бел буып, Ташкентке келіп Орта Азия жастарына арнап ашылған Түркістан мемлекеттік университетінің дәрігерлер факультетіне құжат тапсырады. Міне, Аққағаз Досжанованың қазақ зиялыларымен достығы, ағалы-қарындасты сыйластығы, ұлтжандылығы, жастарға деген қамқорлығы, мамандығына деген ерекше құштарлығы осы Ташкентте басталды. Оқи жүріп, өз мамандығы бойынша қызмет етті. Сабақтан тыс уақытында қалалық акушерлік-гинекологиялық клиникада ординатор болып жұмыс істеді. Қоғамдық жұмыстарды да назардан тыс қалдырмады. Реті келгенде айту керек, Аққағаз Досжанованың Ташкентте жүргенде құштарлана кіріскен ісі істерінің бірі – панасыз балаларды қамқорлығына алып, оларды балалар үйіне орналастырумен айналысты. Орынбор, Жизақ, Самарқанд, Бұқар қалаларынан жиналған жетімдерді қарсы алып, шұғыл жәрдем көрсету тобына жетекшілік етті. «Бір баланың маңдайынан сипасаң, мың періште күліп тұрады» демекші, бір емес бірнеше балаға жүрек жылуын берген ақ халатты қазақ қызының бұл ісін биік парасат демей көріңіз!

Меруерт ЕРБОЛАТҚЫЗЫ



ДИПЛОМЪ.

Предъявительница сего, **Умм-Гульсумъ Асфендіярова**, дочь ротмистра, вѣроисповѣданія магометанскаго, родившаяся 12 ноября 1880 года, по выдержаніи полукурсового испытанія и по зачетѣ установленнаго числа полугодій въ С.-Петербургскомъ Женскомъ Медицинскомъ Институтѣ, подвергалась испытанію въ медицинской испытательной комиссіи при означенномъ институтѣ въ 1907 — 1908 учебномъ году, при чемъ оказала слѣдующіе успѣхи: по гистологіи, оперативной хирургіи съ топографической анатоміей, патологической анатоміи, физіологіи, общей патологіи, фармакологіи съ рецептурой и ученіемъ о минеральныхъ водахъ, частной патологіи и терапіи, ученію о нервныхъ болѣзняхъ, ученію о душевныхъ болѣзняхъ, ученію о дѣтскихъ болѣзняхъ съ клиникой, кожнымъ и венерическимъ болѣзнямъ, общей хирургической патологіи, хирургической клиникѣ, акушерству съ ученіемъ о женскихъ болѣзняхъ, акушерской и гинекологической клиникѣ, офталмологіи и клиникѣ глазныхъ болѣзней, ученію объ ушныхъ, носовыхъ и горловыхъ болѣзняхъ, гигіенѣ съ медицинской полиціей и судебной медицинѣ съ токсикологіей—**весьма удовлетворительные**, по описательной анатоміи, медицинской химіи, фармаціи съ фармакогнозіей, терапевтической клиникѣ и эпизоотологіи съ ветеринарной полиціей—**удовлетворительные**.

Посему и на основаніи ст. 43 ВЫСОЧАЙШЕ утвержденнаго, въ 10-й день мая 1904 года, положенія о С-Петербургскомъ Женскомъ Медицинскомъ Институтѣ, Умми-Гульсумъ Асфендіярова, въ засѣданіи медицинской испытательной комиссіи 21 мая 1908 года, удостоена званія **лѣкаря, съ отличіемъ**, со всѣми правами и преимуществами, поименованными какъ въ ст. ст. 43 и 44 означеннаго положенія, такъ равно и въ ст. IV ВЫСОЧАЙШЕ утвержденнаго 10 мая 1904 года мнѣнія Государственнаго Совѣта о преобразованіи С.-Петербургскаго Женскаго Медицинскаго Института. Въ удостовѣреніе сего и дань этотъ дипломъ Умми-Гульсумъ Асфендіяровой, за надлежащею подписью и съ приложеніемъ печати Управленія С.-Петербургскаго учебнаго округа. С.-Петербургъ, дня 1908 года.

Попечитель С.-Петербургскаго учебнаго округа, Почетный Опекунъ, Докторъ ЕГО ИМПЕРАТОРСКАГО ВЕЛИЧЕСТВА Камергеръ

Предсѣдатель медицинской испытательной комиссіи

Правитель канцеляріи

БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ҚАЗЫНАЛЫҒЫ

«Бесік жыры» түрлі дерттің емі екенін білесіз бе?!

1916 жылы психоневрология институтының негізін қалаған академик Владимир Бехтерев «Балалардағы невроз ауруының алдын-алу үшін, бесік жырын тыңдату керек» деген тұжырым айтқан. Ал, психолог Виталий Леутиннің айтуынша, бесік жырын тыңдау сәбидің ми қыртыстарындағы нейрондардың дұрыс дамуына түрткі болады деген екен. Американдық психолог, медицина ғылымдарының докторы, трансперсоналды психология ғылымының негізін салушы Станислав Гроф «Beyond the brain» атты кітабында бесік жырының баланың психотерапевтік аурудан жазылуына бірден-бір себеп бола алатынын ескерткен. Жалпы бесік жырының ерекше маңызы туралы сөз қозғаған беделді ғалымдар аз емес, 2001 жылы Ресейдің Тюмень қаласының ғалымдары ұзақ мерзімді тәжірбие жүргізеді. Олар жастары шамалас бірнеше сәбиді іріктеп алып, екі топқа бөліп бақылайды, Алғашқы топтағы сәбилер анасынан тұрақты түрде бесік жырын ғана тыңдайды, Ал екінші топтағылар әртүрлі әуендер тыңдайды. Алты ай мерзімінен соң, бөбектердің ми қыртыстары тексеріледі. Нәтижесінде, әлди әнін тыңдамаған балалардың миындағы нейрон жасушалары баяу дамып, ойлау қабілеті бәсеңдегені байқалады. Алғашында бұл фактіге күмән келтіргендер көп болды. Ғалымдар мәселенің анығына жету үшін, өз зерттеулерін жалғастыра берді. Уақыт өткен сайын, әлди әнін тыңдамай өскен сәбилердің мінез-құлқында психологиялық ауытқулар күшейе береді. Олар тез ашуланып, тез шаршайды. Ойлау қабілеті төмендеп, жалқаулыққа бейім болды. Мектепте де сабақ оқуға ынта қоймады. Ауру-сырқауға да тез шалдығатыны байқалды. Осы зертеудің нәтижесінде ғалымдар бесік жырының сәби денсаулығына тигізетін мынадай пайдалы жақтарын анықтады: Баланың жүйке жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; сәби бойындағы мейірімділік, қайырылымдық, ата-анаға деген махаббат сияқты ізгі сезімдерді дамытады. Дүниетанымдық ізденісін, ғылым-білімге деген ынтасын арттырады; бала мағыналы һәм мәнерлі сөйлеуді үйренеді.

Тұрмыс салт әндері баланың дүниеге келіп, ер жетіп, қаза болу сәтіне дейінгі елеулі кезеңдерге байланысты туындап отырған. Соның ішінде баланың өсіп жетілуіндегі айырықша тәрбиелік мәні бар ән - бесік жыры.

Бесік жырларының құрылымы қарапайым болғанымен, сазы жан тебірентер мамыражай, әрі көркем болып, жас сәбидің нерв жүйелеріне, жалпы психикасына жағымды әсер етіп, көңіл-күйін орнықтырады. Осыдан ақ "Ел болу үшін, бесігіңді түзе» нақыл сөзінің мағынасына ой жүгіртесің. Тіпті ана мен баланың ең алғашқы байланысы осы жырдан бастау алады екен.Ұлт мәселесі, ұлттық мүдде, сана, тәрбие, ар-ождан, намыс сынды бір-бірін төңіректеген ұғымдар ұлт феноменінің негізгі құрамдасы. Тәрбиеге аса көңіл бөлетін шығыс халқы «Тәрбие – адамгершіліктің шынайы көрінісі» деп бекер айтпаған. Бұл орайда, ұлттық рухты бойға дарытатын ұлттық тәрбиенің жөні бөлек екені бесенеден белгілі жәйт.

Ұлтымыздың төл тәрбиесі- бесіктен бастау алатыны мәлім. Бесік тәрбиесінің, әсіресе, бесік жырының ұрпақ санасын ұлттық рухпен дамытуда тигізер пайдасы өте зор. Бірақ, ұлттық құндылықтың кейбір тұстарына батыстың, жымысқы саясатының жезтырнағы батып бара жатқан тәрізді.

Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ.Сәби жүрегіне алғашқы рухани нәр ең алдымен осы әлди жырымен сіңеді. Аты айтып тұрғандай-ақ бұл жырдың негізінен, баланың бесікте жатқан кезінде орындалатыны белгілі. Бесік жырының мазмұндық құрамын іштей жіктеу жөнінде де ғалымдар түрлі толғамдар айтады.

Ал осы бесік жырының шығу тарихын білесіз бе? Оның бастауы қайда жатыр?

Бесік жыры әр елде әртүрлі болғанымен әннің әуезі, шығу тарихы бірдей. Мұсылман халықтарының арасында әлди жырын алғаш болып Хауа ана айтқан деседі. Бірде ол егіз ұлдарын жұбата алмай қатты қиналады. Сонда көктен періштелер түсіп: «Алла, Алла, Алла»,- деп Алланың атын әдемі әуезге салып орындайды. Сонда ғана балалардың көңілі тынышталып, ұйқыға кетеді. Ән Хауа анаға да ұнап қалады. Осылай ол періштелерге үйретуін өтінген. Періштелер Хауа анаға әнді 7 күн бойына үйреткен деседі.

Кейін Хауа ана барлық балаларын осы өлеңмен тербете бастайды. Уақыт өте келе бұл ән балалардың бесік жырына айналған. Оның сөзіне, әуезіне, мағынасына көп мән берілген. Тіпті ертеректе жас аналарға әлди жырын үйрететін арнайы мектептер болған екен. Бесік жыры жайлы «Алла-наме», «Әлдинама» атты ескіше кітаптар болуы осының айғағы. «Аналар әлдисіз жасай алмас» деген сөз осының айғағы. Ал қазіргі «әлди, әлди, әлди-ай» деп басталатын өлең осы Алла есімі қосылған әннің уақыт өте келе өзгерген нұсқасы екен.

Бөпелеріңізді ерте жастан бесікке бөлей отырып, бесік жырын айтуды әдетке айналдырған жөн. 1 жастан асқан соң сүйек кеміртіп, кем дегенде 2 жасқа дейін баланы омыраудан шығаруға асықпаңыздар. Себебі мұның барлығы баланың ауыз қуысының дұрыс жетілуіне, беттің бұлшық етінің дамуына үлкен септігін тигізеді. «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деген мақал асыл әжелерімізге жақсы таныс. Яғни, тәрбие іргетасының мықты болуы – отбасындағы әжелеріміздің бұлақтан аққан судай кіршіксіз таза тәрбиесінде болып тұр.

Жалпы бесік жырын тыңдаған бала ерекше сезімтал болып өсетінін көріп жүрміз. Сәбиіңізді бесік жырымен ұйықтатуды ұмытпаңыз!!!

Ақниет ЭЛЬДАРҰЛЫ



В ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ в кабинете ЗОЖ среди школьных медсестер и психологов поликлиники состоялся круглый стол по профилактике детского дорожно-транспортного травматизма , на тему: «Правила первой помощи: что делать при ожоге, обмороке, кровотечении, травмах и т.д.»

Также были обсуждены вопросы активного вовлечения родителей в школах в вопросы детской безопасности и научить их вести себя так, чтобы всегда быть правильным примером для своих детей.

На базе ЦРБ Ескельдинского района впервые в области Жетысу, при поддержке Черкашиной Зинаиды-крестьянского хозяйства «ЧЕРКАШИНО» , был произведен благотворительный мастер-класс -операция ахилопластика, рассечение мышц и сухожилия Хамстрингов ребёнку с диагнозом: ДЦП спастическая диплегия. Данная операция прошла в рамках мастер класса при участии Заведующего отделением ортопедии детской клинической больницы номер 2 города Алматы, врача высшей категории с 20-летним стажем - Садырбалина Ерлана Кадырлиевича.

Цель данной операции-увеличить оббьем движения в коленном и голеностопном суставах, облегчить ходьбу ребенку и создать комфортное ношение обуви.

Операция прошла успешно и в плановом режиме, состояние после операции соответствует первым послеоперационным сутками. Благодарим участников мероприятия за проделанную работу, помощь и поддержку.

ОКАЗАНИЕ ПЕРВОЙ ПОМОЩИ ПРИ ОБМОРОКЕ

Возможно, кому-то из Вас приходилось видеть обморок, то есть внезапную потерю сознания человека, может быть, кто-то сам испытывал подобное состояние. С медицинской точки зрения обморок – кратковременная потеря сознания, вызванная временным нарушением мозгового кровотока, главным фактором, предшествующим этому, является снижение артериального давления. Обморок может возникнуть в результате: испуга; эмоционального стресса; сильной боли; кровотечения; беременности; резкой смены положения тела (из горизонтального в вертикальное) и т.д.

Чаще всего обморок начинается с головокружения, чувства тошноты, потемнения в глазах, звона в ушах и слабости в ногах. Если вы почувствовали нечто подобное, то чтобы не допустить потери сознания, рекомендуется лечь таким образом, чтобы голова была ниже туловища, а ноги выше. Когда нет возможности лечь, следует сесть и, склонившись вперед, опустить голову между ног как можно ниже, чтобы к ней поступала кровь. Если вы оказались рядом с человеком, потерявшим на ваших глазах сознание, в ваших силах еще до приезда скорой помощи оказать ему первую помощь при обмороке.

Первая помощь при обмороке: Устранить (при наличии) фактор возникновения обморока. Вынести человека из толпы, тесного или душного помещения, перенести человека в тень. Открыть окно, чтобы дать приток свежего воздуха в помещение. Если потеря сознания произошла на улице, унести с дороги. Обеспечить человеку горизонтальное устойчивое положение. Уложить пострадавшего, приподнять ноги, подложив подручные средства (сумку, одежду), для притока крови к голове. Ни в коем случае нельзя пытаться поставить человека, находящегося в обморочном состоянии, на ноги. Если возможность уложить человека отсутствует, усадить его на стул, скамейку, пол и опустить его голову между коленями, это также вызовет прилив крови к голове. Обеспечить доступ свежего воздуха. Расстегнуть одежду, тугой воротник, галстук, бюстгальтер, пояс. Прощупать пульс двумя пальцами на шее (в проекции сонной артерии) и послушать дыхание. Убедившись в их наличии, нужно попытаться привести пострадавшего в чувство: потереть ушные раковины, виски, пальцы рук, слегка похлопать по щекам, обрызгать лицо человека холодной водой, поднести к носу ватку или платок, смоченный нашатырным спиртом (аммиак) – 1-2 см от носа (не давать нюхать нашатырь детям!) Если дыхание и пульс отсутствуют, необходимо приступить к сердечно-легочной реанимации – делаем непрямой массаж сердца и искусственное дыхание («рот в рот»).

Вызвать немедленно скорую помощь.После того, как вы оказали человеку первую помощь при обмороке, и он пришел в себя, не следует оставлять его одного до приезда специалистов скорой медицинской помощи!

Баратказыева Ардак Ерболовна,
ГКП на ПХВ Ескельдинская
ЦРБ старшая медсестра
дневного стационара

АУРУХАНАІШІЛІК ИНФЕКЦИЯ

Ауруханаішілік инфекция (АІЖ) – науқасты госпитализациялау немесе емдеу мақсатында емдеу мекемесіне бару нәтижесінде, сондай-ақ олардың функционалдық міндеттерін орындайтын медициналық персонал әсер ететін кез келген клиникалық айқын көрінетін микробтық ауру.

Ауруханаішілік инфекциялардың негізгі көзі науқастардың өздері және емдеу мекемесінің қызметкерлері болып табылады. Сондай-ақ, ауруханаішілік инфекциялардың көзі оларға баратын немесе оларға күтім жасайтын науқастардың туыстары болуы мүмкін. Сонымен қатар, кеміргіштер, иттер немесе мысықтар да инфекцияны тарата алады.

Ауруханаішілік инфекцияның берілу жолдары:

- ауа-тамшылы (аэрозоль);
- су және қоректік заттар;
- байланыс-аспаптық (инъекциядан кейінгі, хирургиялық, трансфузиялық, эндоскопиялық, трансплантациялық, диализдік, гемосорбциялық, босанғаннан кейінгі);
- байланыс және тұрмыстық;
- жарақаттан кейінгі;
- тағы басқа.

Ауруханаішілік инфекциялармен ауыратын науқастар 3 топқа бөлінеді:

- аурухана ішінде жұқтырған науқастар;
- емхана жағдайында жұқтырған науқастар;
- ауруханада немесе емханада жұмыс істеу кезінде жұқтырған медициналық қызметкерлер.

Ауруханаішілік инфекциялардың жиі кездесетін клиникалық көрінісі операциядан кейінгі жараның іріңдеуі және уретрит болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, ауруханаішілік инфекциялардың таралуына әсер ететін негізгі факторлар операция алдындағы кезеңнің ұзақтығы және қуықты катетеризациялау ұзақтығы болып табылады.

Ауруханаішілік инфекцияларға келесілер жатпайды:

- инфекцияның инкубациялық кезеңінде науқастың стационарға түсу жағдайлары;
- негізгі аурудың табиғи дамуы болып табылатын инфекциялар;
- құрсақішілік инфекция және жаңа туған нәрестенің ананың туу каналы арқылы өтуі кезіндегі инфекция жағдайлары.

Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу ережелері:

- сапалы және тиімді антисептиктерді қолданыңыз;
- үй-жайларда дезинфекциялық шараларды жүйелі түрде жүргізу;
- антисептика және асептика ережелерін қатаң сақтау;
- барлық құралдарды жоғары сапалы стерилизациялауды және зарарсыздандыру алдындағы өңдеуді қамтамасыз ету.

Ә.Х. НУРМУХАМБЕТ,
Ескелді аудандық СЭБ
басқармасының
бөлім басшысы
Е.К. СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық
СЭБ басқарма басшысы

2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «БЖЗҚ» АҚ-НЫҢ САЛЫМШЫЛАРДЫ (АЛУШЫЛАРДЫ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ НАУҚАНЫ

БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) ашылған күннен бастап кез келген сұралған күнге өзінің зейнетақы жинақтарының жай - күйі туралы ақпарат алу - бұл міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының (бұдан әрі - салымшылар (алушылар)) заңмен бекітілген құқығы.

Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты кез-келген ыңғайлы уақытта БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинет арқылы, сондай-ақ, БЖЗҚ-ға жеке жүгінген кезде алуға болады.

БЖЗҚ-да ЖЗШ, шартты зейнетақы шоттарын (ШЗШ) ашқан кезде БЖЗҚ жинақтардың жай-күйі, ШЗШ туралы ақпарат беру тәсілі «әдет бойынша» автоматты түрде «БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинет арқылы» және (немесе) Қорға дербес өтініш жасаған кезде болып белгіленеді.

Барлық қолданыстағы ЖЗШ бойынша БЖЗҚ-ның жинақтардың жай-күйі, ШЗШ туралы ақпарат беру тәсілі «әдет бойынша» автоматты түрде «БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинет арқылы» тәсілімен толықтырылды.

ШЗШ жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат берілген кезде ол сұраныс жасалған кезең ішінде қолданыста болған барлық шоттар бойынша беріледі.

ЖЗШ-сы БЖЗҚ-да 01.07.2023ж. дейін ашылған салымшылар (алушылар) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты өздерінің БЖЗҚ-мен арадағы жасалып, қол қойған келісімдерінде айқындалған тәсілдер мен кезеңділік ішінде алу құқығын сақтайды.

Бүгінгі күні өзектілігін жоғалтқан пошта байланысы және (немесе) электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілдерінен бас тарту үшін (егер олар бар болса) БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ. Бас тартуды БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру арқылы ресімдеуге болады.

Салымшыларды (алушыларды) пошта байланысы және электрондық пошта арқылы жыл сайын хабардар ету жөніндегі науқанды жүргізу жылына кем дегенде бір рет жүзеге асырылады.

Пошта байланысы арқылы хабарлау әдісін қалайтын адамдардың саны жыл сайын азаюда. Мысалы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша олардың саны 2022 жылмен салыстырғанда 20,5% азайды. Егер неғұрлым ұзақ кезеңді қарастыратын болсақ, онда 2014 жылдан бастап (барлық шоттар мен зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктіру кезеңі) пошта байланысы қызметтері арқылы жіберілетін үзінді көшірмелердің саны 9 есе қысқарды.

Заңнаманың ережелеріне сәйкес салымшылар (алушылар) БЖЗҚ міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін барлық өзгерістер (оның ішінде телефон нөмірі, электрондық мекенжайы және тұрғылықты мекенжайы (егер электрондық және почта байланысы арқылы хабарлау тәсілі таңдалған болса), банктік деректемелері) туралы БЖЗҚ-ға мұндай өзгерістер орын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті екендігіне назар аударамыз. Хабарландыру мүмкіндігі БЖЗҚ интернет-ресурстарындағы Жеке кабинет арқылы да,

БЖЗҚ кеңсесіне жүгіну арқылы да қолжетімді.

ЕЖЕГОДНАЯ КАМПАНИЯ АО «ЕНПФ» ПО ИНФОРМИРОВАНИЮ ВКЛАДЧИКОВ (ПОЛУЧАТЕЛЕЙ) О СОСТОЯНИИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПО ИТОГАМ 2023 ГОДА

Получение информации о состоянии своих пенсионных накоплений на любую запрашиваемую дату с даты открытия индивидуального пенсионного счета (ИПС) в ЕНПФ - это законодательно закреплённое право вкладчика обязательных пенсионных взносов, физического лица, за которого перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы, получателя пенсионных выплат (далее - вкладчики (получатели)) ЕНПФ.

Информацию о состоянии пенсионных накоплений можно получить в любое удобное время посредством личного кабинета интернет-ресурса ЕНПФ и (или) веб-портала «электронного правительства», а также при личном обращении в ЕНПФ.

При открытии в ЕНПФ ИПС, условных пенсионных счетов (УПС) способ предоставления ЕНПФ информации о состоянии накоплений, УПС автоматически по умолчанию определяется «посредством личного кабинета интернет-ресурса ЕНПФ и (или) веб-портала «электронного правительства», и (или) при личном обращении в ЕНПФ.

По всем действующим ИПС способ предоставления ЕНПФ информации о состоянии пенсионных накоплений автоматически по умолчанию дополнен способом «посредством личного кабинета интернет-ресурса ЕНПФ и (или) веб-портала «электронного правительства».

При предоставлении информации о состоянии накоплений УПС она дается по всем действующим за запрашиваемый период счетам.

За вкладчиками (получателями), ИПС которых открыты в ЕНПФ до 01.07.2023 г., сохраняется право на получение информации о состоянии пенсионных накоплений способами и с периодичностью, определенными в соглашениях, подписанных между ними и ЕНПФ.

Сегодня, чтобы отказаться от теряющих свою актуальность способах информирования посредством почтовой связи и (или) электронной почты (при их наличии), не нужно идти в офис ЕНПФ. Отказ можно оформить, зайдя в личный кабинет на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ.

Проведение кампании по ежегодному информированию вкладчиков (получателей) посредством почтовой связи и электронной почты осуществляется не реже одного раза в год.

Число людей, предпочитающих способ информирования посредством почтовой связи, ежегодно снижается. К примеру, по итогам 2023 года их количество уменьшилось на 20,5% по сравнению с 2022 годом. Если рассматривать более длительный период, то с 2014 года (периода объединения всех счетов и пенсионных активов в ЕНПФ) количество выписок, направляемых посредством услуг почтовой связи, сократилось в 9 раз.

Обращаем внимание, что в соответствии с положениями законодательства вкладчики (получатели) обязаны сообщать в ЕНПФ обо всех изменениях, влияющих на выполнение обязательств ЕНПФ (в том числе телефонного номера, электронного адреса и адреса проживания (если выбран способ информирования посредством электронной и почтовой связи), банковских реквизитов), в течение десяти календарных дней с даты таких изменений. Возможность уведомления доступна как через личный кабинет на интернет-ресурсах ЕНПФ, так и посредством обращения в офис ЕНПФ.

БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жаңа инвестициялық циклдің басталғанын хабарлады. Президент атап өткендей, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы проблемалар әсіресе өңірлерде айқын байқалады.

Мемлекет басшысы елімізде қолайлы бизнес-климатты қамтамасыз етуді тапсырды, бұл экономиканы дамытуға қосымша ынталандыру болады.

Осыған байланысты «Прокурорлық сүзгі» енгізілді. Енді инвесторлардың қызметін шектейтін мемлекеттік органдардың кез келген тыйым салу шешімдері, салық органдарының инвесторлардың қызметіне және басқа да функцияларына тексеру тағайындау туралы актілері мен шешімдері прокурорлармен келісілуге тиіс.

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар, берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qamqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Байтасов Санат ДАНЕЛХАНҰЛЫ,
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өтініштерді талдау
және бақылау бөлім прокуроры

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-84, Текелі – 6, Ақсу – 2, Алакөл – 9, Ескелді – 8, Кербұлақ – 6, Көксу – 1, Қаратал – 4, Панфилов – 1, Сарканский - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоныраулар пайдаланады, өткені WhatsApp қоныраулар бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Бекеев Азамат ҚУАНЫШҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитетінің
Жетісу облысы бойынша Департамент
бастығының орынбасары
аға әділет кеңесшісі

АҚПАРАТТЫҚ-АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qamqor.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни өтініштерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15-20 күн күтудің қажеті жоқ.

Сервис интернет-ресурстарды пайдаланушыларға үйден шықпай-ақ сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qamqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Жулунов Дарын Қанатұлы
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры

РАЗЪЯСНЕНИЯ МЕХАНИЗМА ОБРАЩЕНИЯ ГРАЖДАН И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В ОРГАНЫ ПРОКУРАТУРЫ ЗА ЗАЩИТОЙ ПРАВ, А ТАКЖЕ ПОРЯДКА ОБЖАЛОВАНИЯ ОТВЕТОВ

Обращения в органы прокуратуры подаются следующими способами:

- нарочно;

- посредством почтовой связи;

- посредством Портала электронного Правительства (при подписании электронной цифровой подписью);

- посредством информационной системы «e-otinish».

В связи с этим для регистрации и рассмотрения обращения необходимо подать его органы прокуратуры одним из вышеуказанных способов. Порядок рассмотрения обращений в органах прокуратуры предусмотрено статьей 24 Конституционного закона РК «О прокуратуре», в частности:

- для защиты и восстановления прав и законных интересов человека и гражданина, если они в силу физиологических особенностей, психических отклонений и иных обстоятельств не могут самостоятельно осуществлять защиту своих прав, несовершеннолетних лиц, а также неограниченного круга лиц;

- для защиты и восстановления прав и законных интересов человека и гражданина, общества или государства, если защита этих интересов должным образом не обеспечивается уполномоченным органом, к компетенции которого отнесены соответствующие полномочия, либо в случаях отсутствия такого органа;

- для защиты и восстановления прав и законных интересов субъектов частного предпринимательства по фактам вмешательства в их деятельность со стороны государственных, местных представительных и исполнительных органов, органов местного самоуправления, учреждений, их должностных лиц, иных организаций независимо от форм собственности;

- в целях предотвращения угрозы конституционному строю и национальной безопасности Республики Казахстан;

- по фактам нарушений законности, не устранение которых влечет причинение вреда жизни и здоровью человека;

- по поручениям Президента Республики Казахстан;

- по поручениям Генерального Прокурора.

Срок рассмотрения обращения составляет 15 рабочих дней.

В случае установление фактических обстоятельств, для правильного разрешения обращения, получение информации из других государственных органов, учреждений, организаций независимо от форм собственности, срок рассмотрения обращения может быть продлен мотивированным решением руководителя органа прокуратуры либо его заместителя на разумный срок, но не более чем до 2-х месяцев. О продлении срока рассмотрения обращения сообщается заявителю в течение трех рабочих дней со дня продления срока.

Действия (бездействие) и акты прокурора могут быть обжалованы вышестоящему прокурору либо в суд в случаях и порядке, которые установлены настоящим Конституционным законом и иными законами Республики Казахстан.

Суд либо вышестоящий прокурор до вынесения решения по жалобе на акты прокурора или его действия вправе приостановить их исполнение.

Вышестоящий прокурор по жалобе физических и (или) юридических лиц либо по своей инициативе может отменить, отозвать, приостановить или изменить акты нижестоящего прокурора.

Т.М.МОЛДАХАНОВ,
Начальник отдела и контроля
за обращениями
ДКПС и СУ ГП РК по области
Жетісу советник юстиции

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрған үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Мерейхан СЕРІКЖАН ,
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы
бойынша Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру аға прокуроры

СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ СҮЙІКТІ ІСІ

Адам баласы сүйікті ісімен айналысқаны қандай жақсы! Бүгінгі күні мен өзім таңдаған мамандығым бойынша Қарабұлақ орта мектебінде қызмет етудемін. Мектепті білім тірегі десек, ұстаз-оның жүрегі. Мұғалім жас ұрпақтың жан-жақты терең білім алуымен қатар саналы да тәрбиелі, зерделілік деңгейі жоғары болуы үшін тер төгіп, еңбек етеді. Өз тәжірибемнен байқағаным, сынып жетекшісінен үлкен жауапкершілік талап етіледі.

Тәрбиенің негізгі мақсаты— дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар- ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да жақсы қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбиенің мазмұны негізінен адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық. Сол себепті сынып жетекшісінің бала тәрбиесінде алатын орны зор.

Әрбір сынып жетекші сияқты мен де еліміз алға қойған стратегиялық міндеттердің жүзеге асуына білікті маман ретінде, теңізге тамған тамшыдай болса да, өз үлесімді қоса алатыныма зор сеніммен қараймын. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мектеп оқушыларының бойында адамгершілік және салауаттылық тұрмыс негіздерін қалыптастыруға, азаматтықты тәрбиелеуге, шығармашылық қабілетін дамытуға жұмылдырады. Осы міндеттерді шешудің жауапкершілігі, мектеп оқушыларының тәрбие ісін бағыттауы және ұйымдастыруы сынып жетекшісіне жүктеледі.

Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Сынып жетекшісінің негізгі мақсаты әр оқушыны дамыту, оның ерекшеліктерін сақтау, оның потенциалды қабілеттерін ашу, интелектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай жасау. Ол үшін сынып жетекшісі тәрбие жұмысының неғұрлым тиімді үлгілері мен тәсілдерін шығармашылықпен таңдап алып, оның нәтижелерін есептеп, бағалап, оқушыларға жеке-жеке қарау үшін оқушыларды жан-жақты зерттеп, жан дүниесіне үңілу қажет. Сондықтан да бала тәрбиесіне кіріспес бұрын, қай бағытта тәрбиелеу керектігін анықтап алған жөн.

Сынып жетекшісі - оқушы идеалы, адами қасиетті бойға дарытушы, рухани тәрбие беріп, мәдениетке шақырушы. Ең биік шыңында жеке тұлға қалыптастырады. Оқушы бойындағы өзін — өзі тәрбиелеу және дамытуға саналы көзқарасты қалыптастыру үшін жоспарлы тәрбиелік шаралар жүйелі өткізу уақыт өте келе өз нәтижесін береді. Сыныбымдағы оқушыларыма 5-сыныптан бастап жетекшілік еткен кезімнен бір - бірімен тату болуға, бірін- бірі сыйлауға, әр адамның бойынан жақсы қасиетті көре білуге, бағалай білуге; көре алмау, қызғаныш, бұйырып сөйлеу, кемсіту секілді келеңсіз әрекеттерден аулақ болуға барынша тәрбиелеп келе жатырмын. Балалар бойындағы талантын, дарынын ашу үшін намысын қайрап, жақсы оқуға толық мүмкіндігі бар екендігіне көздерін жеткізуге тырысамын. Бір-бірімен қарым- қатынас жасауға, достасуға, қайырымдылыққа үйретіп, ұлы адамдар өмірінен мысалдар келтірдім. Қатігездікке, құқық бұзушылыққа қарсы тұруға, өз тәртіптерін, істерін бағалай білуге барынша үйреттім. Сынып оқушылары бір үйдің баласындай тату болу керектігін санасына құйдым. Сыныпта «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» принципі қалыптасты. Соның нәтижесінде 9 сынып бітіріп, болашақ мамандық таңдап, колледжге оқуға кеткен түлектерім мектеп қабырғасында оқуын жалғастырып жатқан сыныптастарына келіп, әлі күнге дейін бірін – бірі іздеп, араласып тұрады. Ашық сабақтарымды өз сыныбымда өткізу дәстүрге айналды. Мақсатым— оларды топ алдында қысылмай еркін сөйлеуге үйрету, білімін молайту, іздендіру, шығармашылық қабілетін ояту. Әр оқушы бір үйдің еркесі, өз әлемі, ойы бар, соны түсініп білуге, адаспайтындай, дұрыс жол сілтей алуға тырысу керек.

Әр уақытта ата-анамен байланыс жүргізіп, балалар бойындағы жақсылы- жаманды қасиеттерін байқап, дер кезінде қателігін түзеуге тырысамын. Қандай істі болсын бастау, оны өмірге ендіру оңай шаруа емес. Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды ісі. Тәрбие жолы – қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам, яғни ұстаз шәкірт алдындағы парызын еш уақытта ұмытпайды.

Мүлт кетсе, үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Сондықтан әр ұстаз жалықпай ізденеді, білім беруді, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндеті, айбынды мақсаты деп біледі.

Маған сеніммен берілген шәкірттерімді - келешек ұрпақты біліммен ғана сусындата қоймай, дамыған елдің талаптарына төтеп бере алатын, қазіргі заманауи технологияларды озық меңгерген, қазақтың салт-дәстүрін, ата салтын, тарихын қастерлеп, құрметтей білетін азамат тәрбиелеп шығаруға үлкен міндетім деп білемін.

Менің басты арманым - қанат қағып ұядан ұшқан шәкірттерімнің өмірде қателеспей, сүйікті мамандығының иесі атанып, Отанына, еліне, ата-анасына адал қызмет ететін саналы азамат, азаматша атанса. Қай ортада жүрсе де, өнегелі тәрбиемен өскендігін таныта алса, ұрпағына үлгі болса дегім келеді.

А.С.МАЖИТАЕВА,
10 сынып жетекшісі

БЛАГОДАРНОСТЬ!!!!

Я, Николаева Людмила Дмитриевна очень благодарна правильному подбору медицинского персонала для дневного стационара- Баратказыеву Ардак Ерболовну, специалиста своего дела. Она сразу попадает в вену, очень внимательная. Большое ей спасибо за её трудную работу. Хочу пожелать ей ей как можно дольше оставаться в дневном стационаре, делать людям добро. Здоровья ей, успехов в работе и в жизни. Большая просьба не переводить её из дневного стационара никуда!!! Она специалист от Бога!!!

Людмила ДМИТРИЕВНА
С искренними пожеланиями

МӘМС АЯСЫНДА БУЫН АУРУЛАРЫН ЕМДЕУГЕ АЙЫНА 30-ДАН АСТАМ НАУҚАС «НҰР» ОРТОХИРУРГИЯ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА ЖҮГІНЕДІ

Орталықтың терапия бөліміне аяқ, жанбас буындарының қабынуы - артроз, гонартроз, коксартроз сияқты сырқаттарды емдеуге Жетісу облысының түпкір-түпкірінен науқастар келеді.

«Біздің орталықта халыққа МӘМС аясында тегін медициналық көмек көрсетіледі. Білікті мамандар консервативті емдеу әдістерін қолдана отырып буын ауруына шалдыққан пациенттерге тез арада қалыпты қозғалыстағы өмір салтына оралуға көмекетеседі. Өз емханалары арқылы порталға тұрып ем алуға өңіріміздің шалғай ауыл-аудандарынан жиі келеді. Бір апта ішінде жүйелі жүргізілген ем арқасында буындарының қабынуы азайып, жұлшықеттері жұмсарып, қимыл-қозғалыстары жақсарып алғыстарын білдіріп жатады»,- дейді терапевт дәрігер Асель Дүйсекова.

МӘМС аясында науқастарға толық көлемде керекті ем-шаралар көрсетіледі. Оның ішінде қабынуға қарсы витаминотерапия, буындардың қозғалысын жақсартуға бағытталған массаж, емдік денешынықтыру, электрофорез қолданылып ем жүргізіледі.

«Нұр» ортохирургия медициналық орталығына ұзақ жылдар бойы мазалаған тізе ауруына шипа іздеп келгендердің бірі Көксу ауданының тұрғыны - Гүлжамал Жарылқасынова.

«Мен ауылдағы емханамнан тегін жолдама арқылы келдім. Тізе буындарым ауырып, тіпті баспалдақтан көтеріле алмай қалған едім. Орталықтағы ем өте жақсы нәтиже берді. Бес күн ішінде буындарымның қозғалысы қалпына келіп, қазір баспалдақпен көтеріліп немесе түсуге өзімді ақырындап бейімдеп келемін. Орталықтық мамандарына шексіз алғысымды білдіремін»,-дейді Гүлжамал Жарылқасынова.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы
бойынша филиалы

ЕВРОПАЛЫҚ ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ

2024 жылғы сәуір айының 21-нен бастап 27-і аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасында, оның ішінде аудан аумағында «Вакциналар: өткен, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін денсаулықты қорғау!» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өтеді.

2024 жылдың 21-27 сәуір аралығында бір мезгілде барлық елдерде өткізіледі. Еуропалық иммундау апталығы негізгі міндеті – әр бір азаматқа арнайы профилактика жолдарымен алдын алуға болатын аурулардан қорғануға болатындығын және оған құқығы бар екенін түсіндіру. Аурушаңдықтың төмендеуіне қарамастан, екпемен басқарылатын инфекциялардан қорғанудың сенімді жолы– вакцинация.

Вакцинация бүгінгі таңда әр бір азаматқа қол жетімді, ең тиімді медициналық қызмет болып табылады. Вакцинациялаудың тиімді бағдарламаларының нәтижесінде көптеген екпемен басқарылатын инфекциялар айтарлықтай азайды: полиомиелит мүлдем жойылды; 2003 жылдан бері дифтерия сырқаттанушылығы тіркелген жоқ, «А» және «В» вирусты гепатитінің аурушылдығы 60-100 есеге дейін төмендеді. Вакцинацияның тиімділігі екпені уақытылы және толық алуға тікелей байланысты. Иммундау көрсеткішінің төмендеуі жұқпалы ауруларды қабылдағыш адамдардың көбеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін, соның нәтижесінде сырқаттанушылықтың бұрқ етпе жағдайлары туындайды.

Әр түрлі елдерде вакцинациядан жаппай бас тартудың нәтижесі эпидемияға әкеліп соқтырды. Екпенің жоспарлы және профилактикалық мақсатта салынатын түрлері бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысы «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» қаулысы негізінде Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес 20 жұқпалы ауруға, оның ішінде 11 инфекцияға қарсы және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша 9 инфекцияға қарсы ақысыз жүргізіледі.

Сонымен қатар ауданда өткен және биылғы жыл басынан бері қызылша жұқпасының эпидемиологиялық жағдайының тұрақсыздығы байқалды. Яғни былтыр жыл ішінде 32 жағдай, биылғы жыл басынан 57 расталған жағдайы тіркелді,оның ішінде 20 адам қызылшаға қарсы егілмеген,17 адамда егілу туралы мәліметтері жоқ.

Сонымен қатар биыл адам папиллома вирусына қарсы вакцинацияның Ұлттық егу күнтізбесіне енгізу жоспарлануда. Қазақстан Республикасында вакцина пайдалану алдында арнайы зертханалық зерттеулерден және мемлекеттік тіркеуден өтеді, вакцинаның әр бір партиясына зертханалық бақылау орнатылып, тасымалдау мен пайдалану кезінде суықтық тізбек ережесінің сақталуына, екпеден кейінгі қолайсыз жағдайларға мониторинг жүргізіледі.

Еуропалық иммундау апталығы барысында басқа республикалар мен аумақтардан көшіп келген, тұрақты тіркеуге тұрмаған, мекен-жайын жиі ауыстыратын тұрғындарға, діни қоғамдарға аса назар аударылады.

Бүгінгі күні аудан тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары барлық медицина мекемелерінде жүргізілуде. Барлық медицина мекемелерінде түсіндіру, жадынамалар тарату, сауалнама жүргізу жұмыстары өткізіліп, тиісті жоспарлы екпелерін алуға шақыруда.

Құрметті ата –ана!!! Балаңызды қазір егу арқылы, Сіз балаңызды инфекциядан қорғап қана қоймай, инфекциядан кейін болатын ауыр асқынулардан да қорғайсыз. Өз балаңызға қазірден көмек беріңіз! Балаңыздың денсаулығына қауіпсіз, сау орта қалыптастыруға қадам жасаңыз! Аудан тұрғындарының назарына!!! Иммундау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда мына байланыс жүйелеріне хабарласуларыңызға болады: Ескелді аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы 3-92-49, Ескелді аудандық орталық ауруханасы 8 705 464 38 50.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
«Ескелді аудандық санитариялық--эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

HABARLANDYRU

«Жетісу облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ қазіргі уақытта «Жетісу облысы Талдықорған қаласы әуежайының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын топографиялық түсірілімін орындай отырып, әзірлеу» жұмысы мен жоба бойынша стратегиялық экологиялық бағалау жұмыстары басталғаны туралы хабарлайды.

Жобаны әзірлеуші - ЖШС «Казгипроград»1. Тел: 8 (727)279-00-89; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru.

Сұрақтар бойынша «Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не хабарласуға болады, телефон: 8 (72836) 3-00-03, 3-00-00

***

ГУ «Управление архитектуры и градостроительства области Жетісу» доводит до общего сведения, о том, что в настоящее время начаты работы по разработке проекта «Разработка проекта детальной планировки с выполнением топографической сьемки аэропорта города Талдыкорган области Жетісу» с отчётом по стратегической экологической оценке.

Разработчик проекта - ТОО Проектный институт «Казгипроград»1. Тел: 8 (727)279-00-89; e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru.

По вопросам обращаться в ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Ескельдинского района», телефон: 8 (72836) 3-00-00, 3-00-03

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 371 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ